

**"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жерді қашықтықтан зондтау деректерінің ұлттық көздері негізінде ғарыштық және геоақпараттық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді өндіру және беру жөніндегі интеграцияланған жүйесі" мемлекетаралық бағдарламасы туралы**

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2020 жылғы 17 шілдедегі № 4 шешімі.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жерді дистанциялық зондтау деректерінің ұлттық дереккөздері негізінде ғарыштық және геоақпараттық қызметтер көрсетуді ұсыну саласындағы ынтымақтастығын дамыту туралы" 2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 6 өкімін орындау үшін Еуразиялық үкіметаралық кеңес шешті:

1. Қоса беріліп отырған "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жерді қашықтықтан зондтау деректерінің ұлттық көздері негізінде ғарыштық және геоақпараттық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді өндіру және беру жөніндегі интеграцияланған жүйесі" мемлекетаралық бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Еуразиялық үкіметаралық кеңестің мүшелері:**

*Армения Республикасынан*      *Беларусь Республикасынан*      *Қазақстан Республикасынан*      *Қырғыз Республикасынан*      *Ресей Федерациясынан*

Еуразиялық үкіметаралық  
кеңестің  
2020 жылғы 17 шілдедегі  
№ 4 шешімімен  
МАҚҰЛДАНДЫ

**"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жерді қашықтықтан зондтау деректерінің ұлттық көздері негізінде ғарыштық және геоақпараттық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді өндіру және беру жөніндегі интеграцияланған жүйесі" МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**I. Бағдарламаның паспорты**

Атауы

—

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жерді қашықтықтан зондтау деректерінің ұлттық көздері негізінде ғарыштық және геоақпараттық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді өндіру

Өзірлеу негіздемесі	–	және беру жөніндегі интеграцияланған жүйесі" Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 6 өкімі
Өзірлеудің бастамашысы	–	"Ғарыштық және геоақпараттық технологиялар – жаһандық бәсекеге қабілеттілік өнімдері" еуразиялық технологиялық платформаға қатысушы ұйым А.А. Максимов атындағы ғарыштық жүйелер ғылыми-зерттеу институты - "М.В. Хруничев атындағы мемлекеттік ғарыштық ғылыми-өндірістік орталығы" акционерлік қоғамының филиалы ("Роскосмос" ғарыш қызметі жөніндегі мемлекеттік корпорацияның ұйымы)
Бағдарлама бойынша жауапты	–	"Роскосмос" ғарыш қызметі жөніндегі мемлекеттік корпорацияның ұйымы, Ресей Федерациясы (бұдан әрі – "Роскосмос" мемкорпорациясы)
Ұлттық тапсырыс беруші - үйлестірушілер	–	Беларусь Ұлттық ғылым академиясы, Беларусь Республикасы Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасы "Роскосмос" мемкорпорациясы, Ресей Федерациясы
Қатысушылар	–	Бағдарламаның ұлттық тапсырыс беруші - үйлестірушілері (бұдан әрі - ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілер), сондай-ақ " Ғарыштық және геоақпараттық технологиялар – жаһандық бәсекеге қабілеттілік өнімдері" еуразиялық технологиялық платформасының кәсіпорындары мен қатысушы ұйымдары осы Бағдарламаға қатысушылардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше

Бағдарламаның мақсаты	—	<p>мемлекеттерде (бұдан әрі тиісінше - мүше мемлекеттер, Одақ) Жерді қашықтықтан зондтау ғарыштық жүйелерін (бұдан әрі тиісінше - ЖҚЗ ҒЖ, ЖҚЗ) әзірлеу және қолдану саласындағы интеграциялық процестерді жүзеге асыру үшін, сондай-ақ мүше мемлекеттердің өндірушілері беретін ЖҚЗ деректерінің өнімдері мен көрсетілетін қызметтерінің әлемдік нарығында бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру үшін ұйымдастырушылық, ғылыми – техникалық және ресурстық жағдайлар жасау</p>
Бағдарламаның міндеттері	—	<p>ЖҚЗ ҒЖ құру және пайдалану, ЖҚЗ өнімдері мен көрсетілетін қызметтерін алу және тарату кезінде мүше мемлекеттер мен ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының өзара іс-қимыл жасау және қызметін үйлестіру қағидаларын айқындайтын ұйымдық-өкімдік, нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттарды әзірлеу және келісу, ЖҚЗ ғарыш аппараттарының (бұдан әрі - ҒА) және жерүсті кешендерінің ұлттық орбиталық топтарының базасында мүше мемлекеттердің ЖҚЗ интеграцияланған ғарыштық жүйесін (бұдан әрі - ИҒЖ) қалыптастыру, сондай-ақ мүше мемлекеттердің өнеркәсіп кәсіпорындарының кооперациясы шеңберінде құрылатын мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ функционалдық мүмкіндіктерін орташа және аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру және оның құрамына енгізу арқылы кеңейту</p>
		<p>мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құрамында пайдаланылатын ҒА саны, - 13 дана мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ пайдалана отырып алынатын орташа, биік және аса биік</p>

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуді және міндеттерін шешуді бағалаудың нысаналы индикаторлары (көрсеткіштері) —	кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ деректерінің көлемі - тәулігіне 4,43 млн. шаршы км. мүше мемлекеттердің ЖҚЗ саласындағы заңнамасын үйлестіруді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-өкімдік, нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттардың саны - 10 дана
Іске асыру мерзімі —	2021 – 2025 жылдар
Бағдарламаның іс-шаралары —	<p>Бағдарлама мынадай іс-шараларды іске асыруды көздейді:</p> <p>мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құру мен дамытуды ұйымдастырушылық, нормативтік-техникалық және әдістемелік қамтамасыз ету (2021-2025 жылдар);</p> <p>мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ қалыптастыру мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін аппараттық-бағдарламалық кешендер құру (2021 – 2024 жылдар);</p> <p>мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құрамында орташа және аса биік кеңістіктік рұқсаттардың ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру (2021-2025 жылдар)</p>
Қаржыландыру көлемі мен көздері —	<p>Бағдарламаны қаржыландыру көлемі 28 985,10 млн. Ресей рублін құрайды.</p> <p>Бағдарламаның Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында іске асырылуын қаржылай қамтамасыз ету ұлттық ғарыштық бағдарламалардың құрамында өздерінің заңнамасында белгіленген тәртіппен осы мемлекеттер бюджеттерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады</p> <p>мүше мемлекеттердің зымыран-ғарыш өнеркәсібінің мемлекеттік және өндірістік</p>

Бағдарламаны іске асырудың —  
күтілетін нәтижелері

құрылымдарындағы  
мемлекетаралық және салааралық  
байланыстарды нығайту;  
мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒЖ  
құру және пайдалану саласындағы  
мемлекетаралық ( ведомствоаралық)  
ұйымдастырушылық-өкімдік,  
нормативтік-техникалық және  
әдістемелік құжаттарын әзірлеу;  
ЖҚЗ ҒЖ бірлесіп құруға және  
қолдануға бағытталған мүше  
мемлекеттердің ғарыш салалары  
кәсіпорындарының өнеркәсіптік  
кооперациясын дамыту;  
әлемдік деңгейдегі бәсекеге  
қабілетті техникалық  
сипаттамалары бар орташа және  
аса биік кеңістіктік рұқсаттағы  
ЖҚЗ ҒА құру;  
осы Бағдарлама шеңберінде  
құрылған жұмыс істеп тұрған  
ұлттық ҒА және перспективалық  
ЖҚЗ ҒА базасында мүше  
мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ  
қалыптастыру;  
Бағдарлама шеңберінде құрылған  
мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ  
пайдаланыла отырып алынатын  
ЖҚЗ деректерінің көлемі мен  
сапасын арттыру есебінен мүше  
мемлекеттердің мемлекеттік билік  
органдары мен тұтынушылардың  
кең ауқымын қажетті ақпаратпен  
қамтамасыз етілу деңгейін  
арттыру;  
мүше мемлекеттердің ұлттық  
операторларының ЖҚЗ деректерін  
қ а б ы л д а у д ы ң  
аппараттық-бағдарламалық  
кешендерінің жаңғыртылған  
желісі;  
ЖҚЗ ҒЖ ұлттық  
операторларының  
ақпараттық-іздістіру жүйелері  
базасында мұрағаттық  
материалдар мен ЖҚЗ стандартты  
өнімдері туралы деректерді  
қамтитын мүше мемлекеттердің  
интеграцияланған  
ақпараттық-іздістіру жүйесін құру  
;  
мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА  
жерүсті басқару кешендері мен

ЖҚЗ деректерін қабылдау  
кешендерінің өзара іс-қимылын  
және үйлестірілген пайдалануды (   
қолдануды жоспарлауды)  
қамтамасыз етудің  
аппараттық-бағдарламалық  
кешенін құру

Бағдарламаның іске асырылуын –  
бақылау

осы Бағдарламаның іске  
асырылуын бақылау  
Бағдарламаның VII бөлімінде  
белгіленген тәртіппен жүзеге  
асырылады

## **II. Бағдарламаны әзірлеу мен іске асырудың өзектілігі және орындылығы**

Бүгінгі таңда әлемде гидрометеорология, мұқиттану, табиғат пайдалану, төтенше жағдайлар мониторингі, экология, жер маңындағы кеңістікті бақылау, өнеркәсіптік және қалалық инфрақұрылымды дамыту және т.б. сияқты салалардағы әлеуметтік-экономикалық міндеттердің кең ауқымын шешуді қамтамасыз ететін ЖҚЗ ҒЖ қолдану саласының қарқынды өсуі мен кеңеюі байқалады.

Қазіргі геосаяси және экономикалық жағдайларда ЖҚЗ цифрлық ақпаратын құру және пайдалану саласы мемлекеттік басқарудың маңызды стратегиялық ресурсына айналды және елдің әлемдік нарықтағы жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

ЖҚЗ саласын дамытудағы мынадай бірқатар негізгі әлемдік үрдістерді бөліп көрсетуге болады:

ЖҚЗ ұлттық бағдарламаларының дамуы және халықаралық ЖҚЗ ҒЖ құру процестерінің жандануы;

ЖҚЗ ҒА бар немесе өзінің экономикалық қызметінде ЖҚЗ деректерін белсенді пайдаланатын елдер санының ұлғаюы;

ЖҚЗ ҒА нысаналы аппаратурасы мен ЖҚЗ деректерін алу технологиялары түрлерінің ұлғаюы;

ЖҚЗ ҒА нысаналы аппаратурасының негізгі сипаттамаларының жақсаруы (зерттеу диапазондары (арналары) санының артуы, мультиспектралдық мүмкіндіктер мен түсіру жолағының кеңеюі, ҒА-ның массогабариттік сипаттамаларын бір мезгілде барынша азайта отырып, рұқсат беру қабілетінің артуы);

тұтынушыларға деректердің өнімділігін арттыра отырып, оларды алу, өңдеу және ұсыну жүйелерінің дамуы;

тақырыптық өнімдердің және геоақпараттық көрсетілетін қызметтердің саны мен сапасының артуы.

ЖҚЗ деректері мүше мемлекеттердің экономика салаларын цифрлық трансформациялауға, жоғары технологиялық бизнесті дамытуға, интеграциялық

процестерді және мүше мемлекеттердің аумақтарын дамытуды басқару құралдарына қазіргі заманғы геоақпараттық технологияларды енгізуге ықпал етеді. Ғарыш қызметінің нәтижелері жедел әлеуметтік-экономикалық және инновациялық дамуға, қазіргі заманғы ғылыми білімге және озық цифрлық технологияларға негізделген экономикаға көшуге ықпал ететін мүше мемлекеттерде мемлекеттік саясатты іске асыру құралдары ретінде белсенді пайдаланылады.

Осы уақытқа дейін мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒЖ жасап шығару және пайдалану, жерсеріктердің ұлттық орбиталық топтарынан алынатын деректер негізінде геоақпараттық өнімдерді жасау және пайдалану саласындағы ынтымақтастық деңгейі өте төмен болып қалып отыр.

Технологиялық даму процестерін жеделдету, әлемдік экономикалық және саяси ықпал етудің жаңа орталықтарының пайда болуы жағдайында стратегиялық даму жоспарлары мен мемлекетаралық нысаналы бағдарламалар мемлекеттік және жеке мүдделер мен бастамаларды тиімді іске асырудың маңызды факторы болып табылады. Еларалық бәсекелестіктің өсу жағдайында ортақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекетаралық ынтымақтастық шеңберінде өз күш-жігерін біріктіруге және бірлескен бастамаларды іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін елдер елеулі артықшылықтарға ие болады.

Барлық мүше мемлекеттерге тән және Одақтың бірыңғай экономикалық кеңістігінің артықшылықтарын пайдалану жолымен еңсеруге осы Бағдарлама бағытталған түйінді проблемалар мыналар:

ұлттық орбиталық топтардағы ЖҚЗ жерсеріктерінің аз саны және соның салдарынан мониторингтік түсірудің жеткіліксіз мерзімділігі, тұтынушыларға ЖҚЗ деректерін ұсыну өнімділігі мен жеделдігі;

ЖҚЗ бастапқы деректерінің жеткіліксіздігінен әлемдік нарықта бәсекелестік тұтынушылық қасиеттері бар тақырыптық өнімді дайындаудағы қиындық;

перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру кезінде олардың қажеттіліктерін бағалауға және алынған ақпаратты ескеруге мүмкіндік бермейтін мүше мемлекеттердегі ғарыштық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге тұтынушылардың сұранысы туралы ақпаратты жинауды, жүйелеуді және талдауды ұйымдастырудың жеткіліксіз деңгейі;

ЖҚЗ әлемдік нарығында әрбір мүше мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі.

Мүше мемлекеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілік проблемасының тереңдігі мен маңыздылығын мүше мемлекеттердің ЖҚЗ әлемдік нарығындағы өте төмен жиынтық үлесі көрсетеді, ол "Maxar Technologies" (АҚШ) және "Airbus Defense and Space" (Франция) (Euroconsult "Satellite-Based Earth Observation: Market Prospects to 2028 (2019 Edition) деректері бойынша) екі әлемдік көшбасшының нарықтық үлесінің 67 пайызына қарағанда 0,2 - 0,3 пайыздан аспайды.

Көрсетілген проблемаға мүше мемлекеттердің экономикасына ғарыштық және геоақпараттық технологияларды енгізудің төмен деңгейі проблемасы қосылады. Бұл проблемаларды шешу мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары тарапынан мақсатты бағытталған бағдарламалық іс-қимылдар және ғарыш қызметінің нәтижелерінде мемлекеттік сегменттің де, жаппай пайдаланушының да қажеттіліктерін қанағаттандыру саласына жоғары технологиялық бизнесті тарту нәтижесінде мүмкін болады.

Көрсетілген проблемаларды мемлекеттік деңгейде бағдарламалық-нысаналы әдіспен шешудің орындылығы, ең алдымен, ғылыми-зерттеу бағытын, нормативтік-техникалық реттеу саласын, инновациялық ғарыштық құралдар мен геоақпараттық өнімдерге мүше мемлекеттердің кооперациясы шеңберінде бірлескен әзірлеу мен өндіру проблемаларын қозғайтын ұйымдастырушылық міндеттердің күрделілігімен және өндірістік және ғылыми-техникалық міндеттердің ресурсты қажетсінуімен байланысты.

Ғарыштық және геоақпараттық технологиялардың стратегиялық сипаты және көрсетілген проблемалардың мемлекетаралық инфрақұрылымдық сипаты, сондай-ақ жекелей алғанда мүше мемлекеттердің әрқайсысы үшін ресурстық шектеулер жағдайында әлемдік жоғары технологиялық нарыққа кіру үшін жоғары тосқауыл осы проблемаларды шешудің бағдарламалық-нысаналы әдісі - мемлекетаралық деңгейде кешенді тәсілді қолдану қажеттілігін негіздейді.

Бағдарламалық-нысаналы әдіс мемлекетаралық ынтымақтастық құралы ретінде дамыған және дамушы елдерде, ең алдымен интеграциялық бірлестіктер (Одақтық мемлекет, ТМД, Еуропалық одақ, Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы, Африка одағы және т. б.) шеңберінде кеңінен қолданылады.

Ғарыштық және геоақпараттық технологиялар саласындағы өнеркәсіптік және инновациялық дамудың жалпы мақсаттарына, сондай-ақ мүше мемлекеттердің үшінші елдердің нарықтарындағы жаһандық бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу үшін баяндалғанды ескере отырып, осы Бағдарламаны іске асыру орынды болып табылады.

Осы Бағдарлама Одақтың бірыңғай экономикалық кеңістігінің артықшылықтарын пайдалануға, мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік, ғылыми-техникалық және маркетингтік мүмкіндіктерін біріктіруге және осы Бағдарламаның барлық қатысушылары үшін қолжетімді елеулі нәтиже алуға мүмкіндік береді. Осы Бағдарламаны іске асыру қатысушылардың қаржылай қаражатын өзара тиімді интеграциялық процестерді жүзеге асыруға шоғырландыруға мүмкіндік береді, ұлттық ЖҚЗ ҒЖ үйлестірілген жұмыс істеуін және дамуын, сондай-ақ негізінен мүше мемлекеттердің кәсіпорындары әзірлейтін электрондық-компоненттік базаны пайдалана отырып, ЖҚЗ құралдарын әзірлеуді және құруды қамтамасыз етеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген Өнеркәсіптік саладағы мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды



әзірлеу, қаржыландыру және іске асыру туралы ереже, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2013 жылғы 31 мамырдағы № 40 шешімі, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жерді дистанциялық зондтау деректерінің ұлттық дереккөздері негізінде ғарыштық және геоақпараттық қызметтер көрсетуді ұсыну саласындағы ынтымақтастығын дамыту туралы" № 6 өкімі осы Бағдарламаны әзірлеудің нормативтік-құқықтық негізі болып табылады.

## **II. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, іске асыру мерзімі мен кезеңдері**

Осы Бағдарламаның мақсаты – мүше мемлекеттерде ЖҚЗ ҒЖ әзірлеу және қолдану саласындағы интеграциялық процестерді жүзеге асыру үшін, сондай-ақ мүше мемлекеттердің өндірушілері беретін ЖҚЗ деректерінің өнімдері мен көрсетілетін қызметтерінің әлемдік нарығында бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру үшін ұйымдастырушылық, ғылыми – техникалық және ресурстық жағдайлар жасау.

Осы мақсатқа мынадай міндеттерді шешу кезінде қол жеткізуге болады:

ЖҚЗ ҒЖ құру және пайдалану, ЖҚЗ өнімдері мен көрсетілетін қызметтерін алу және тарату кезінде мүше мемлекеттер мен ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының өзара іс-қимыл жасау және қызметін үйлестіру қағидаларын айқындайтын ұйымдық-өкімдік, нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттарды әзірлеу және келісу;

ЖҚЗ ҒА және жерүсті кешендерінің ұлттық орбиталық топтарының базасында мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ қалыптастыру;

мүше мемлекеттердің өнеркәсіп кәсіпорындарының кооперациясы шеңберінде құрылатын мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ функционалдық мүмкіндіктерін орташа және аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру және оның құрамына енгізу арқылы кеңейту.

Осы Бағдарламаны 2021-2025 жылдар аралығында 5 жылдық кезеңде іске асыру жоспарланып отыр.

## **IV. Бағдарламаның іс-шаралары**

### **1. Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құру мен дамытуды ұйымдастырушылық, нормативтік-техникалық және әдістемелік қамтамасыз ету**

Осы іс-шара аясында мынадай жұмыстар орындалуы тиіс.

Ұлттық ғарыштық бағдарламалар шеңберінде құрылған және құрылатын, жұмыс істеп тұрған және перспективалық ҒА базасында мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ қалыптастыру және дамыту бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды әзірлеу.

Жұмыстың басталуы – 2021 жылғы қаңтар.

Жұмыстың аяқталуы – 2022 жылғы қараша.

Осы жұмыс барысында мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ қалыптастыру бойынша ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілердің басшылығымен ұйымдастырушылық іс-шаралар жүргізу, ұлттық ғарыштық бағдарламалар мен осы Бағдарлама шеңберінде құрылған және құрылатын, жұмыс істеп тұрған және перспективалық ЖҚЗ ИҒЖ интеграциялау шарттарын құқықтық бекітуді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды әзірлеу жоспарланып отыр.

ЖҚЗ ҒА ұлттық орбиталық топтарының ақпараттық ресурстарын бірлесіп пайдалануды қамтамасыз ету бойынша нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу.

Жұмыстың басталуы - 2022 жылғы қаңтар.

Жұмыстың аяқталуы - 2023 жылғы қараша.

Осы жұмыс шеңберінде ЖҚЗ ҒА орбиталық топтарын және мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА жерүсті басқару инфрақұрылымын ресурстық біріктіруге бағытталған технологиялық интеграциялық процестерді қамтамасыз ететін нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу жоспарланып отыр.

Бұл жұмыстың нәтижесі мынадай құжаттар жиынтығы болады:

ЖҚЗ ҒА жұмыс істеп тұрған ұлттық орбиталық топтарының ақпараттық ресурстарын және мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА перспективалық бірлескен орбиталық топтарын бірлесіп пайдалануды көздейтін мемлекетаралық нормативтік-техникалық құжаттардың (стандарттар, регламенттер және т. б.) келісілген жиынтығы;

ЖҚЗ ҒА ұлттық орбиталық топтарын пайдалануды үйлестірілген жоспарлауға қатысты құжаттар;

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының өзара іс-қимылын ұйымдастыруды көздейтін құжаттар;

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ақпараттық-техникалық өзара іс-қимыл хаттамалары және т. б.

ЖҚЗ деректерін Одақтың ішкі нарығында және әлемдік нарықта тарату кезінде ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының өзара іс-қимылын көздейтін ұйымдастырушылық-әдістемелік құжаттарды әзірлеу.

Жұмыстың басталуы - 2024 жылғы қаңтар.

Жұмыстың аяқталуы - 2025 жылғы қараша.

Жұмыстың мақсаты әлемдік нарықта ЖҚЗ саласындағы бірлескен мүдделерді ілгерілету үшін ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының өзара іс-қимылының тиімді құралын құру болып табылады.

Осы жұмыстың аясында мынадай міндеттер шешіледі:

үшінші елдердің нарықтарында ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының келісілген маркетингтік іс-қимыл жоспарын әзірлеу;

ұлттық орбиталық топтардың ҒА-дан алынатын ЖҚЗ деректері негізінде геоақпараттық сервистерді үшінші елдердің нарықтарына ілгерілетуге ықпал ететін ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының өзара іс-қимыл тетігін қалыптастыру.

Осы жұмыс мынадай нәтижелерді алу жоспарланып отыр:

үшінші елдердің нарықтарында ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының әзірленген келісілген маркетингтік стратегиясы;

ұлттық орбиталық топтардың ҒА-дан алынатын ЖҚЗ деректері негізінде геоақпараттық сервистерді үшінші елдердің нарықтарына ілгерілетуге ықпал ететін ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының өзара іс-қимыл тетігін құру.

## **2. Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ қалыптастыру мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін аппараттық-бағдарламалық кешендер құру**

Осы іс-шара аясында мынадай жұмыстар орындалуы тиіс.

"Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ жобалық бейнесін негіздеу" ғылыми-зерттеу жұмысын орындау.

Жұмыстың басталуы-2021 ж. қаңтар.

Жұмыстың аяқталуы-2021 ж. қараша

Бұл жұмыстың мақсаты мүше мемлекеттердің өнеркәсіп кәсіпорындарының кооперациясында құрылатын ЖҚЗ ИҒЖ жобалық бейнесін ғылыми-техникалық негіздеу болып табылады.

Осы жұмыстың аясында мынадай міндеттер шешіледі:

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құру мен қолдану және оны бірлесіп пайдалану процесінде алынған нәтижелерді коммерцияландыру тұжырымдамасын әзірлеу;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА бірлескен орбиталық тобының, ЖҚЗ ҒА жерүсті басқару кешенінің және мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ ақпаратын қабылдау, өңдеу және тарату кешенінің құрамы мен техникалық сипаттамаларын негіздеу;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ, оның орбиталық және жерүсті сегменттерін кешенді қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеу;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құру мақсатында мүше мемлекеттердің өнеркәсіп кәсіпорындарының кооперациясын қалыптастыру бойынша ұсыныстар дайындау;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құру бойынша тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға техникалық-экономикалық негіздемелер мен тактикалық-техникалық тапсырмалар жобаларына қосу үшін ұсыныстар дайындау.

Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА-ның бірлескен орбиталық тобын қалыптастыру мақсаттары үшін:

панхроматикалық режимде кемінде 0,4 м кеңістіктік рұқсаты бар ҒА;

панхроматикалық режимде кемінде 0,8 – 1,0 м кеңістіктік рұқсаты бар шағын ҒА; кемінде 6 м кеңістіктік рұқсаты бар кең қармауыш оптикалық-электрондық аппаратурасы бар шағын ҒА;

радиолокациялық нысаналы аппаратурасы бар ҒА құру мүмкіндігі қаралуға тиіс.

Бұл жұмыстың нәтижесі мыналарды қамтитын ғылыми-техникалық есеп болып табылады:

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құру және пайдалану және оны бірлесіп пайдалану процесінде алынған нәтижелерді коммерцияландыру тұжырымдамасы туралы түсіндірме жазба;

перспективалық ЖҚЗ ҒА жобалық келбетінің, олардың негізінде құрылған мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құрамы мен құрылымдарының сипаттамасы;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА жерүсті басқару инфрақұрылымының, ЖҚЗ ИҒЖ ақпаратын қабылдаудың, өңдеудің және таратудың жерүсті кешенінің құрамы мен техникалық сипаттамаларының сипаттамасы;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құру бойынша тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған техникалық-экономикалық негіздемелердің және тактикалық-техникалық тапсырмалардың жобалары;

кооперация үшін мүше мемлекеттердің өнеркәсіп кәсіпорындарын таңдау негіздемесі;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ орбиталық және жерүсті сегменттерін кешенді қолдану бойынша ұсыныстар;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ техникалық және коммерциялық пайдалану бойынша ұсыныстар.

Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ-дан алынатын ЖҚЗ деректерін қабылдау және өңдеу бойынша олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ЖҚЗ деректерін қабылдаудың аппараттық-бағдарламалық кешендерін жаңғыртуды жүзеге асыру.

Жұмыстың басталуы - 2022 жылғы қаңтар.

Жұмыстың аяқталуы - 2024 жылғы желтоқсан.

Бұл жұмыстың мақсаты кез келген ұлттық ЖҚЗ ҒА ЖҚЗ деректерін қабылдауға қатысты ЖҚЗ ИҒЖ функционалдық үйлесімділігіне қол жеткізу үшін ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ЖҚЗ деректерін қабылдаудың аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын жаңғырту болып табылады.

Осы жұмысты орындау аясында мынадай міндеттерді шешу жоспарланып отыр:

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ақпаратын қабылдаудың, өңдеудің және таратудың жерүсті кешендерінің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын жаңғырту бойынша жобалау-конструкторлық құжаттаманы әзірлеу;

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ақпаратын қабылдаудың, өңдеудің және таратудың жерүсті кешендерінің станцияларын жаңғырту бойынша қажетті аппараттық-бағдарламалық құралдарды өндіру, монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізу.

Осы жұмыстың күтілетін нәтижелері:

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ақпаратын қабылдаудың, өңдеудің және таратудың жерүсті кешендерінің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын жаңғырту бойынша әзірленген жобалау-техникалық құжаттама жиынтығы;

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ақпаратын қабылдаудың, өңдеудің және таратудың жерүсті кешендерінің жаңғыртылған станцияларын құру.

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ақпараттық-іздістіру жүйелері базасында мүше мемлекеттердің интеграцияланған ақпараттық-іздістіру жүйесін және мұрағаттық материалдар мен ЖҚЗ стандартты өнімдері бойынша метадеректер банкін құру.

Жұмыстың басталуы - 2021 жылғы қаңтар.

Жұмыстың аяқталуы - 2023 жылғы қараша.

Бұл жұмыстың мақсаттары:

ҒА жұмыс істеп тұрған ұлттық орбиталық топтарынан және мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА бірлескен орбиталық тобынан алынатын ЖҚЗ деректері туралы мәліметтердің қажетті толықтығына қол жеткізу;

мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының ЖҚЗ деректерімен қамтамасыз етілу деңгейін арттыру;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА бірлескен орбиталық тобынан алынатын ЖҚЗ деректеріне және олардың негізінде өндірілетін өнімге сұранысты арттыру;

үшінші елдердің ЖҚЗ ҒА-дан алынатын ЖҚЗ деректерінің мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА-дан алынатын ЖҚЗ деректерімен импортты алмастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Осы жұмысты орындау аясында мынадай міндеттерді шешу жоспарланып отыр:

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ақпараттық-іздістіру жүйелерін бірлесіп пайдалану процестерін автоматтандыру;

мыналарды:

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ақпараттық-іздістіру жүйелерінің біріктірілген ақпараттық ресурстарын, бағдарламалық компоненттерін:

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА-дан алынатын ғарыштық түсірілімнің материалдары туралы бірлескен метадеректер банкін;

ұйымдастырушылық-техникалық және әдістемелік құжаттамасын қоса алғанда, мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ғарыштық құралдары туралы аумақтық бөлінген бірыңғай дерекқор;

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларында жаңа түсірілімді орындауға арналған орталықтандырылған тапсырыстың кіші жүйелерін;

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларындағы мұрағаттық ғарыштық түсірілімнің орталықтандырылған тапсырысының кіші жүйелерін;

ғарыштық түсірілімнің материалдары туралы ақпарат берудің кіші жүйелерін;

ғарыштық түсірілім материалдары бойынша деректерді іздеудің кіші жүйелерін;

ғарыштық түсірілім материалдарына регламенттелген қол жеткізудің кіші жүйелерін;

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ақпараттық-іздістіру жүйелерін пайдалана отырып, басқа мүше мемлекеттердің жұмыс істеп тұрған ЖҚЗ ҒЖ-дан және

перспективада мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒЖ бірлескен орбиталық тобына кіретін ЖҚЗ ҒЖ ға-дан алынатын түсірілім нәтижелеріне ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының қол жеткізуін қамтамасыз етудің бағдарламалық кешенін;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ-дан алынатын ЖҚЗ деректерін өңдеу, олардың негізінде геоақпараттық өнім өндіру және оны әлемдік нарықта ілгерілету жөніндегі құралдарға қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін мүше мемлекеттердің пайдаланушыларына қамтамасыз ету бағдарламалық кешенін (цифрлық "бұлтты" платформа) құру.

Жұмыстың күтілетін нәтижелері:

мыналарды:

мұрағаттық материалдар және ЖҚЗ стандартты өнімдері бойынша мүше мемлекеттердің интеграцияланған ақпараттық-іздірету жүйесін;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА-дан алынған мұрағаттық материалдар мен ЖҚЗ стандартты өнімдері бойынша метадеректердің бірыңғай банкіні құру, ол мүше мемлекеттердің аумақтарында болып жатқан процестерді бақылаудың объективті ақпаратының бірыңғай көзі болады;

ұйымдастырушылық-техникалық және әдістемелік құжаттамасын қоса алғанда, мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ғарыштық құралдары туралы аумақтық бөлінген бірыңғай дерекқор;

ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының басқа мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА жұмыс істеп тұрған орбиталық топтарынан және ЖҚЗ ҒА бірлескен орбиталық тобына кіретін перспективалық ЖҚЗ ҒА-дан алынатын түсірілім материалдарына қол жеткізуін қамтамасыз етудің бағдарламалық кешенін;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒЖ-дан алынатын ЖҚЗ деректерін өңдеу, олардың негізінде геоақпараттық өнім өндіру және оны әлемдік нарықта ілгерілету жөніндегі құралдарға қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін мүше мемлекеттердің пайдаланушыларына қамтамасыз ету бағдарламалық кешенін (цифрлық "бұлтты" платформа) құру.

ЖҚЗ ҒА ұлттық жерүсті басқару кешендерінің және мүше мемлекеттердің ЖҚЗ деректерін қабылдау кешендерінің өзара іс-қимылын және үйлестірілген пайдаланылуын қамтамасыз етудің аппараттық-бағдарламалық кешенін құру.

Жұмыстың басталуы - 2022 жылғы қаңтар.

Жұмыстың аяқталуы - 2024 жылғы қараша.

Бұл жұмыстың мақсаты ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторлары үшін бір мезгілде ұлттық орбиталық топтардың құрамында және мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА бірлескен орбиталық тобында пайдаланылатын әртүрлі типті ЖҚЗ ҒА үйлестірілген нысаналы қолданудың техникалық мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады.

Осы жұмыстың аясында мынадай міндеттер шешіледі:

ұлттық ЖҚЗ ҒА-дан түсірілімді үйлестірілген жоспарлауды және қабылдау станциясында ЖҚЗ деректерін түсіру орны мен уақыты бойынша оңтайлы ұйымдастыруды қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық кешенді құру;

ЖҚЗ ҒА ұлттық орбиталық топтарының әзірленген және бірлесіп пайдаланылатын ақпараттық ресурстарына ақпаратты қорғаудың бағдарламалық кешенін және қол жеткізу арналарын құру.

Жұмыстың күтілетін нәтижелері:

аппараттық-бағдарламалық кешеннің тәжірибелік үлгісін жасау, ЖҚЗ ҒА ұлттық жерүсті басқару кешендерінің және мүше мемлекеттердің ЖҚЗ деректерін қабылдау кешендерінің өзара іс-қимылын және үйлестірілген пайдаланылуын қамтамасыз ету;

ЖҚЗ ҒА ұлттық жерүсті басқару кешендерінің және мүше мемлекеттердің ЖҚЗ деректерін қабылдау кешендерінің өзара іс-қимылын және үйлестірілген пайдаланылуын қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық кешенге жобалық, бағдарламалық және пайдалану құжаттамасын әзірлеу.

### **3. Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құрамында орташа және аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру**

Жұмыстың басталуы - 2021 жылғы қаңтар.

Жұмыстың аяқталуы - 2025 жылғы қараша.

Жұмыстың мақсаты мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒЖ функционалдық мүмкіндіктерін оның құрамына орташа және аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру және қосу арқылы кеңейту болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу:

мүше мемлекеттердің мүддесі үшін бірлесіп пайдалану үшін кейіннен ЖҚЗ ҒА бірыңғай орбиталық тобына біріктірілетін әртүрлі типтегі ЖҚЗ ҒА әзірлеу, өндіру және ұшыру мақсатында мүше мемлекеттердің ресурстарын (қаржылай және еңбек) пайдалану тиімділігін арттыруға;

ЖҚЗ деректер нарығында негізгі ойыншылармен (AIRBUS D&S, 21AT, Maxar Technologies және т. б.) бәсекелесуге;

ҒА бірыңғай басқару, ЖҚЗ деректерін қабылдау және өңдеу желісі бар мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА жаңа жерүсті басқару инфрақұрылымын құру немесе қолданыстағысын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Осы іс-шара аясында мынадай жұмыстар орындалуы тиіс:

орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру;

аса биік кеңістіктік рұқсаттағы Ресей-Беларусь ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру.

### **Орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру**

Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒА-ның бірлескен орбиталық тобына кіретін орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру 2 кезеңде іске асырылатын болады: 1-кезеңде (2021 - 2022 жылдар) бір ҒА әзірленеді және сыналады, 2-кезеңде (2022 - 2025 жылдар) тағы екі ҒА дайындалады және орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА-ның барлық тобы іске қосылады.

Инновациялық технологиялық шешімдер негізінде 6 м (GSD) дейінгі кеңістіктік рұқсаты, 6 спектрлік арнасы және кемінде 120 км қамту жолағы бар түсіруді қамтамасыз ететін, салмағы 150 кг аспайтын перспективалық қазақстандық ЖҚЗ ҒА құру көзделіп отыр.

Жоба шеңберінде Қазақстан Республикасы ғарыш кешенін әзірлеуді, ҒА-ны орбитаға ұшыруды жүзеге асыратын, ҒА-ның негізгі кіші жүйелері мен құрамдастары жүргізілетін, ҒА-ны құрастыру және сынау жөніндегі жұмыстар орындалатын болады.

Орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА көмегімен алынған деректер мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- аумақтарды ірі ауқымды топографиялық және тақырыптық картографиялау;
- геоақпараттық сервистерді ЖҚЗ өзекті деректерімен жаңарту және толықтыру;
- жылжымалы объектілерді анықтау;

- табиғи және антропогендік объектілерді анықтау, тану, саралау және мониторингтеу.

Тасымалдағыш зымырандардың бас ағытпаларының габариттік өлшемдерін және жеңіл және орта кластағы ҒА шығару құралдарының энергетикалық мүмкіндіктерін талдау нәтижелері бойынша биіктігі 500-600 км орбитаға орташа кеңістіктік рұқсаттағы ҒА ұшыруды топтық ұшырумен сериялық тасымалдағыш зымырандармен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Жұмыстарды орындау қортындысы бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізілуі тиіс:

- орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА құру бойынша конструкторлық және жұмыс құжаттамасын әзірлеу аяқталды;

- орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА-дан алынатын ЖҚЗ деректерін қабылдаудың, өңдеудің және таратудың жерүсті кешені әзірленді және оның ЖҚЗ ҒА-ны басқарудың қолданыстағы жерүсті инфрақұрылымымен интеграциясы жүргізілді;

- орташа кеңістіктік рұқсаттағы үш ЖҚЗ ҒА дайындалды;

- ЖҚЗ ҒЖ құрамдас бөліктерін жерүсті эксперименттік пысықтау жүргізілді;

- орташа кеңістіктік рұқсаттағы үш ЖҚЗ ҒА іске қосу, ұшу сынақтары және пайдалануға беру сақтандырылды;

- орташа кеңістіктік рұқсаттағы үш ЖҚЗ ҒА іске қосу, ұшу сынақтары және пайдалануға беру жүзеге асырылды.



## **Аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру**

Ресейлік және белорусиялық кәсіпорындардың кооперациясында № 1 ҒА іске қосуды қамтамасыз ете отырып және № 2 ЖҚЗ ҒА дайындау үшін өндірістік босалқы қалыптастыра отырып, аса биік кеңістіктік рұқсаттағы перспективалық ЖҚЗ ҒА (бұдан әрі - АБКР ЖҚЗ ҒА) базасында ЖҚЗ ҒЖ әзірлеуді жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Беларусь кәсіпорындары 2021 – 2025 жылдары биік рұқсаттағы нысаналы аппаратурадан (БР НА) және мультиспектрлік түсірудің нысаналы аппаратурасынан (МТ НА) тұратын АБКР ЖҚЗ ҒА арналған оптикалық-электрондық түсіру нысаналы аппаратурасын құрады, оптикалық-электрондық нысаналы аппаратураның тәжірибелік үлгісінің жерүсті дербес сынақтарын жүргізетін және 2 ұшу үлгісі үшін БР НА және МТ НА даярлайтын болады. Бұл ретте АБКР ЖҚЗ ҒА нысаналы аппаратурасына конструкторлық құжаттаманы әзірлеу дайындаушы кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен орындалатын болады.

Сондай-ақ мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құрамында жұмыс істеу үшін Беларусь ЖҚЗ ҒЖ жерүсті инфрақұрылымын (жерүсті басқару кешені мен қабылдау станциясы) жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

АБКР ЖҚЗ ҒА оптикалық-электрондық түсіру жүйесінің техникалық сипаттамалары 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

### **АБКР ЖҚЗ ҒА оптикалық-электрондық түсіру жүйесінің техникалық сипаттамалары**

Өлшемдер	Есептік мәні	
	БР НА	МТ НА
Спектрлік арналардың саны	1 панхроматикалық (ПК), 4 мультиспектральных (МК)	6 мультиспектральдық (МК), 2 инфрақызыл (ИК)
Қамту жолағының ені, км	17,5	30
Кеңістіктік рұқсаттағы (пиксель проекциясының өлшемі), м	0,35	30
МК-дағы кеңістіктік рұқсат, м	1,4	30
Бейнеарнаның (БА) кеңістіктік рұқсаты, м	0,4	—
Борттық ТСҚ сыйымдылығы, Тбит	8	8

АБКР ЖҚЗ ҒА көмегімен алынған деректер мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

мүше мемлекеттердің ауыл, орман, балық, су және басқа да шаруашылықтарында ұтымды қызметті қамтамасыз ету үшін табиғи ресурстарды (ауыл шаруашылығы және орман алқаптарын, жайылымдарды, теңіз өнімдері кәсіпшілігі аудандарын және т. б.) түгендеу және шаруашылық процестерінің мониторингі;

1:25 000 дейінгі масштабтағы топографиялық карталарды және 1:10 000 дейінгі масштабтағы қалалардың жоспарларын, жалпы географиялық және тақырыптық карталарды құру және жаңарту, мемлекеттік топографиялық мониторингтерді жүргізу;

рельефтің цифрлық модельдерін жасау;

табиғи ортаның ластануы мен тозуының мониторингі;

төтенше жағдайлар мониторингі (су тасқыны, құрғақшылық және т. б.);

мүше мемлекеттердің қоныстану аумағының экологиялық мониторингі;

өнеркәсіптік инфрақұрылым және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін түгендеу, сондай-ақ олардың құрылысын бақылау.

Тасымалдағыш зымырандардың бас ағытпаларының габариттік өлшемдерін және жеңіл және орта кластағы ҒА шығару құралдарының энергетикалық мүмкіндіктерін талдау нәтижелері бойынша биіктігі 500-600 км болатын орбитаға АБКР ЖҚЗ ҒА ұшыруды екі жеке ұшырумен сериялық тасымалдағыш зымырандармен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Жұмыстарды орындау мынадай кезеңдерге сәйкес жүзеге асырылатын болады:

ЖҚЗ ҒЖ тәжірибелік бұйымдары мен құрамдас бөліктерінің макеттеріне жұмыс құжаттамасын әзірлеу: № 1 ҒА, жерүсті басқару кешені және ақпаратты қабылдаудың, өңдеудің және таратудың жерүсті кешені (2021 – 2022 жылдар);

ЖҚЗ ҒЖ құрамдас бөліктерінің тәжірибелік бұйымдарын дайындау және № 1 ҒА, жерүсті басқару кешені мен ақпаратты қабылдаудың, өңдеудің және таратудың жерүсті кешенін жерүсті эксперименттік пысықтау (2021 - 2025 жылдар);

№ 1 ҒА ұшу сынақтарын сақтандыру, іске қосу және бастау (2025 жыл);

электрондық компоненттік базаны және құрамдауыш бұйымдарды сатып алу, № 2 ҒА бөлшектері мен құрастыру бірліктерін дайындау (2021 - 2025 жылдар).

Жұмыстың нәтижелері бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізілуі тиіс:

ЖҚЗ ҒЖ тәжірибелік бұйымдары мен құрамдас бөліктерінің макеттеріне жұмыс құжаттамасы әзірленді: № 1 ҒА, жерүсті басқару кешені және ақпаратты қабылдаудың, өңдеудің және таратудың жерүсті кешені;

ЖҚЗ ҒЖ құрамдас бөліктерінің тәжірибелік бұйымдары дайындалды және № 1 ҒА, жерүсті басқару кешені мен ақпаратты қабылдаудың, өңдеудің және таратудың жерүсті кешені жерүсті эксперименттік пысықталды;

№ 1 ҒА ұшыру жүргізілді және ұшу сынақтары басталды;

электрондық компоненттік база мен құрамдауыш бұйымдар сатып алынды, № 2 ҒА бөлшектері мен құрастыру бірліктері жасалды.

**V. Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуді және міндеттерін шешуді бағалаудың нысаналы индикаторлары (көрсеткіштері) Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуді және міндеттерін шешуді бағалаудың нысаналы индикаторлары (көрсеткіштері) 2-кестеде келтірілген.**

2-кесте

Нысаналы индикаторлар (көрсеткіштер)	Нысаналы индикаторлардың (көрсеткіштердің) жоспарланған мәндері				
	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	2	3	4	5	6
1. Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құрамында пайдаланылатын ҒА саны (дана):					
Беларусь Республикасында	1	1			
Қазақстан Республикасында	2	2	2	3*	5*
Ресей Федерациясында	8	8	4	7	8**
Жиыны	11	11	6	10	13
2. Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ пайдаланыла отырып алынатын орташа, биік және аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ деректерінің көлемі (млн шаршы км/тәу.):					
Беларусь Республикасында	0,20	0,20			0,12
Қазақстан Республикасында	0,77	0,77	0,77	0,77	2,57
Ресей Федерациясында	1,16	1,16	1,28	1,48	1,74
Жиыны	2,13	2,21	2,05	2,25	4,43***
3. Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ саласындағы заңнамасын үйлестіруді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-өкімдік, нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттардың саны (дана):					
Беларусь Республикасында	1	1	2	2	2
Қазақстан Республикасында	1	1	2	2	2
Ресей Федерациясында	1	3	4	5	6
Жиыны	3	5	8	9	10

\* Орташа кеңістіктік рұқсаттағы үш қазақстандық ҒА (2024 жылы бір ҒА және 2025 жылы екі ҒА) дәйекті іске қосуды ескере отырып).

\*\* Ақпараттық ресурстың 20 пайызы Беларусь Республикасына тиесілі № 1 АБКР ЖҚЗ ҒА іске қосылуын ескере отырып.

\*\*\* Мүше мемлекеттер тұтынушыларының мұқтаждықтарына арналған ЖҚЗ ИҒЖ пайдалана отырып алынатын ЖҚЗ деректерінің көлемін ұлғайту мүше мемлекеттер экономикаларының әртүрлі салаларына ғарыштық технологияларды енгізу қарқынының өсу болжамын ескере отырып, осындай деректерге қажеттілікті ұлғайтуды негізге ала отырып жоспарланған.

## **VI. Бағдарламаның іске асырылуын қаржылай қамтамасыз ету**

Осы Бағдарламаның Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында іске асырылуын қаржылай қамтамасыз етуді ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілер ұлттық ғарыштық бағдарламалардың құрамында өздерінің заңнамасында белгіленген тәртіппен осы мемлекеттер бюджеттерінің қаражаты есебінен жүзеге асырады.

"Роскосмос" мемкорпорациясы Ресей Федерациясының "Ресейдің ғарыш қызметі" мемлекеттік бағдарламасына тиісті қаржыландырумен "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жерді қашықтықтан зондтау деректерінің ұлттық көздері негізінде ғарыштық және геоақпараттық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді өндіру және беру жөніндегі интеграцияланған жүйесі" мемлекетаралық бағдарламасын орындау" іс-шарасын енгізу үшін 2021 - 2025 жылдар аралығындағы кезеңге арналған бюджеттік өтінімнің негіздемесін дайындайды.

Беларусь Ұлттық ғылым академиясы 2021 - 2025 жылдар кезеңіне "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жерді қашықтықтан зондтау деректерінің ұлттық көздері негізінде ғарыштық және геоақпараттық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді өндіру және беру жөніндегі интеграцияланған жүйесі" мемлекетаралық бағдарламасын орындау" іс-шарасын Беларусь Республикасының "Ғылымды қажетсінетін технологиялар мен техника негізінде ұлттық экономиканың жоғары технологиялық секторын дамыту" мемлекеттік бағдарламасының "Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану" кіші бағдарламасына тиісті қаржыландырумен енгізу туралы мәселені пысықтап жатыр

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес 2021 - 2025 жылдар кезеңіне "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жерді қашықтықтан зондтау деректерінің ұлттық көздері негізінде ғарыштық және геоақпараттық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді өндіру және беру жөніндегі интеграцияланған жүйесі" мемлекетаралық бағдарламасын орындау" іс-шарасын қаржыландыру туралы мәселені пысықтап жатыр.

Осы Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру өлшемдерін өзгерту туралы шешімдерді мүше мемлекеттер жаңа бюджеттік кезеңдерде бюджеттік шешімдер қабылдау кезінде не мүше мемлекеттердің бюджеттері туралы кезекті заңдарды дайындау және оларды түзету барысында ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілердің ұсынысы бойынша қабылдайды. Мүше мемлекеттер Бағдарламаны қаржыландыру өлшемдеріне өзгерістер енгізуді мақұлдаған жағдайда Еуразиялық экономикалық одақ органдарының тиісті актілері қабылданады:

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің өкімімен осы Бағдарламаның жекелеген іс-шараларын қаржыландыру көлемі мен көздеріне өзгерістер енгізілуі мүмкін;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің өкімімен бекітілген жылдық қаржыландыру көлемі мен қаржыландыру көздерін өзгертпей іс-шаралар арасында қаржы қаражатын қайта бөлуді көздейтін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Осы Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру қосымшаға сәйкес жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында 2021 - 2025 жылдар аралығындағы кезеңге Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру туралы жиынтық ақпарат 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Іс-шараның атауы	Мүше мемлекет	Осы Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру көлемі (миллион Ресей рублі)						
		2021 – 2025 жылдар	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құру мен дамытуды ұйымдастырушылық, нормативтік-техникалық және әдістемелік қамтамасыз ету	Беларусь Республикасы	–	–	–	–	–	–	бюджет
	Қазақстан Республикасы	–	–	–	–	–	–	бюджет
	Ресей Федерациясы	–	–	–	–	–	–	бюджет
Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ қалыптастыру мен	Беларусь Республикасы	136,60	8,90	64,70	35,22	27,78	–	бюджет *
		152,90	21,70	54,40	38,40	38,40		бюджет **

жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін аппараттық-бағдарламалық кешендер құру	Қазақстан Республикасы						–	
	Ресей Федерациясы	212,20	47,40	79,70	52,60	32,50	–	бюджет** *
Жиыны		501,70	78,00	198,80	126,22	98,68	–	бюджет
Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ И F Ж құрамында орташа және аса биік кеңістіктік рұқсаттардың ЖҚЗ F A базасында перспективалық ЖҚЗ F Ж құру	Беларусь Республикасы	5 264,90	1 464,50	1 586,10	951,00	905,30	358,00	бюджет *
	Қазақстан Республикасы	6 232,10	1 619,80	663,60	1 303,60	1 624,70	1 020,40	бюджет **
	Ресей Федерациясы	16 986,40	2 044,50	3 664,40	4 611,00	2 041,50	4 625,00	бюджет** *
Жиыны		28 483,40	5 128,80	5 914,10	6 865,60	4 571,50	6 003,40	бюджет
Бағдарлама бойынша барлығы	Беларусь Республикасы	5 401,50	1 473,40	1 650,80	986,22	933,08	358,00	бюджет *
	Қазақстан Республикасы	6 385,00	1 641,50	718,00	1 342,00	1 663,10	1 020,40	бюджет **
	Ресей Федерациясы	17 198,60	2 091,90	3 744,10	4 663,60	2 074,00	4 625,00	бюджет** *
Жиыны		28 985,10	5 206,80	6 112,90	6 991,82	4 670,18	6 003,40	бюджет

\* Қаржыландыру Беларусь Республикасы Президентінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

\*\* Қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес нақтыланатын болады.

\*\*\* 2021 – 2025 жылдарға арналған бюджеттік қаражат федералдық бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінген жағдайда көрсетілген. Қосымша бюджет қаражаты бөлінбеген жағдайда, іс-шараларды қаржыландыру Ресей Федерациясының " Ресейдің ғарыш қызметі" мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға көзделген бюджет

қаражаты есебінен және шегінде тиісті кезеңдерге арналған федералдық бюджет шығыстарының бөлігі ретінде қамтамасыз етілуі тиіс.

## **VII. Бағдарламаны іске асыруды басқару және оның орындалуын бақылау тетігі**

Ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілер мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осы Бағдарламаны орындаушылардың тізбесін қалыптастырады.

Осы Бағдарламаның іске асырылуын басқару үшін Бағдарлама бойынша жауапты ұйымдастырушылық құрылым – жобалау кеңсесін құрады.

Жобалау офисіне осы Бағдарламаның орындаушылары айқындаған осы Бағдарламаға қатысушылардың (ұлттық тапсырыс беруші – үйлестірушілердің, " Ғарыштық және геоақпараттық технологиялар - жаһандық бәсекеге қабілеттілік өнімдері" еуразиялық технологиялық платформасына қатысушы кәсіпорындар мен ұйымдардың) өкілдері кіруі тиіс.

Осы Бағдарламаны іске асыру Бағдарлама бойынша жауапты, осы Бағдарламаға қатысушылар және (немесе) ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілер орындаушылармен белгіленген тәртіппен жасасатын азаматтық-құқықтық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

Осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде Бағдарлама бойынша жауапты жыл сайын 1 сәуірге дейін Еуразиялық экономикалық комиссияға өткен жыл үшін жұмыстардың орындалу барысы туралы есеп жібереді. Есеп барлық ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілермен келісіледі және мыналарды қамтиды:

есепті жыл үшін осы Бағдарламаны іске асыру нәтижелері туралы мәліметтер;

есепті жылдағы осы Бағдарламаны қаржыландыру көздері мен көлемдері туралы мәліметтер (әрбір іс-шара бойынша жеке-жеке), сондай-ақ осы Бағдарламаны қаржыландыруға бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуы, есепті жылы қаржы қаражатының толық игерілмеу себептері туралы деректер, есепті жылы пайда болған қаржы қаражатының қалдықтарын келесі жылы пайдалану бағыттары туралы тұжырымдар мен ұсыныстар;

нысаналы индикаторлар (көрсеткіштер) мәндеріне қол жеткізу, нақты шығыстардың бекітілген шығыстарға сәйкестігі, аяқталмаған жұмыстардың болуы, олардың көлемі мен жай-күйі туралы мәліметтер;

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелері, инновациялық әзірлемелерді енгізу нәтижелері және осындай әзірлемелердің тиімділігі туралы мәліметтер;

осы бағдарламаның XI бөлімінде айқындалған әдістемеге сәйкес осы Бағдарламаны іске асыру тиімділігін бағалау (есептеулерді қоса алғанда);

осы Бағдарламаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және өзге де салдарларын бағалау;

осы Бағдарламаға өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар (қажет болған жағдайда).

Осы Бағдарламаның іске асырылуын бақылау осы бөлімде айқындалған тәртіппен және Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген Өнеркәсіптік саладағы мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу, қаржыландыру және іске асыру туралы ереженің 27-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда Бағдарлама бойынша жауапты ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілермен келісім бойынша ағымдағы жылдың III тоқсанынан кешіктірмей Комиссияға осы Бағдарламаға өзгерістер енгізу немесе оны іске асыру мерзімін ұзарту туралы ұсыныс жібереді.

Осы Бағдарламаны іске асыру мерзімін ұзартудың негіздемесі оның есепті кезеңдегі іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтерді, осы Бағдарлама немесе осы Бағдарламаның қандай да бір іс-шарасы белгіленген мерзімде іске асырылмаған себептерді талдауды, сондай-ақ шешілмеген міндеттердің өзектілігін растауды және осы Бағдарламаны қаржыландыру көздері мен көлемдері туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) мүше мемлекеттердің үкіметтерімен келісім бойынша осы Бағдарламаны іске асыру мерзімін ұзартудың орындылығы туралы немесе осы Бағдарламаға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды қарайды және оларды белгіленген тәртіппен Еуразиялық үкіметаралық кеңестің қарауына енгізеді.

Жұмыстардың жаңалығы мен технологиялық күрделілігіне, сондай-ақ ғарыштық техниканы әзірлеу мен өндірудің ұзақ цикліне байланысты осы Бағдарламаны іске асыру мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ ол 3 жылдан аспайды.

Осы Бағдарламаны іске асыру мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған жағдайда мынадай жұмыстарды орындау жоспарланып отыр:

Ресей Федерациясы тарапынан - № 1 ҒА ұшу сынақтарын аяқтау, № 2 ҒА құрамдас бөліктерін дайындауды аяқтау, № 2 ҒА құрастыру, жердегі сынау және іске қосу, ЖҚЗ ҒЖ құрамында № 1 ҒА және № 2 ҒА ұшу сынақтары. Жұмыстың жалпы құны 8 972 488,90 мың Ресей рублін құрайды;

Беларусь Республикасы тарапынан - № 1 ҒА ұшу сынақтарына қатысу, кешенді жерүсті сынақтарына, сондай-ақ № 2 ҒА ұшу сынақтарына қатысу. Жұмыстың жалпы құны 224 848,40 мың Ресей рублін құрайды.

Бағдарламаның барлық іс-шараларын орындау нәтижелері бойынша Бағдарлама бойынша жауапты оның іске асырылуы туралы есеп дайындайды, оны мүше мемлекеттердің үкіметтерімен келіседі және Комиссияға жібереді. Комиссия белгіленген тәртіппен көрсетілген есепті Еуразиялық үкіметаралық кеңестің қарауына енгізеді.



## **VIII. Құқықтарды, оның ішінде Бағдарламаны іске асыру шеңберінде құрылған зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды бөлу қағидаттары мен тәртібі**

### **Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау мәселелері**

Мүше мемлекеттер өз аумағында өздерінің заңнамасына және өздері қатысатын халықаралық шарттарға сәйкес зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауды қамтамасыз етеді.

Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы өзара іс-қимыл үшін осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары:

осы Бағдарламаны іске асыру барысында туындайтын зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау мәселелерін реттеуді;

осындай мәселелер бойынша тәжірибе, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау мәселелерін реттейтін халықаралық шарттарға мүше мемлекеттердің қатысуы туралы ақпарат алмасу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

"Ғарыштық және геоақпараттық технологиялар – жаһандық бәсекеге қабілеттілік өнімдері" еуразиялық технологиялық платформасының мүшелері болып табылатын осы Бағдарламаға қатысушылар және осы Бағдарламаның орындаушылары ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілермен жасалатын шарттарға (келісімшарттарға, келісімдерге, жұмыстарды орындауға арналған техникалық тапсырмаларға):

жасау, беру немесе пайдалану шарттарды (келісімшарттарды, келісімдерді, жұмыстарды орындауға арналған техникалық тапсырмаларды) орындау кезінде жүзеге асырылатын және алдыңғы және құрылатын зияткерлік меншік объектілеріне бөлінетін зияткерлік меншік объектілеріне;

жасау, беру немесе пайдалану шарттарды (келісімшарттарды, келісімдерді, жұмыстарды орындауға арналған техникалық тапсырмаларды) орындау кезінде жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық ақпаратқа;

осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушыларының әрқайсысының шарттарды (келісімшарттарды, келісімдерді, жұмыстарды орындауға арналған техникалық тапсырмаларды) орындауға қатысу дәрежесіне;

құрылатын зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды осы Бағдарламаға қатысушылар мен орындаушылар арасында бөлуге;

осы Бағдарламаға қатысушылар мен орындаушылардың құпия ақпаратты қорғауды, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілеріне, ғылыми-техникалық ақпаратқа құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерге және осындай құқықтарды бұзғаны үшін жауаптылыққа тартуға;

мүше мемлекеттердің аумақтарында, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумақтарында зияткерлік меншік объектілерін пайдалану шарттарына;

зияткерлік меншік объектілеріне қатысты келіспеушіліктерді реттеу тәртібіне;

алдыңғы және құрылатын зияткерлік меншік объектілерін, сондай-ақ құпия ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалану салдарынан залалдарды өтеу тәртібіне;

осы Бағдарламаға қатысушылар мен орындаушылардың ғылыми-техникалық және құпия ақпаратты пайдалануға құқықтарына;

шарттарды (келісімшарттарды, келісімдерді, жұмыстарды орындауға арналған техникалық тапсырмаларды) орындау шеңберінде алынған мәліметтерді беру, алмасу және жариялау шарттары мен тәртібіне қатысты ережелерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Бағдарлама шеңберінде ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілер жасасатын шарттарда (келісімшарттарда, келісімдерде, жұмыстарды орындауға арналған техникалық тапсырмаларда) алдыңғы зияткерлік меншік объектілерін пайдалану оларды қажетті құқықтық қорғауды жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттер жасалғаннан кейін, оның ішінде тиісті лицензиялық келісімдер әділ және ақылға қонымды жағдайларда жасалғаннан кейін ғана мүмкін болатындығы көзделуге тиіс.

Осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары өзара консультациялар жүргізу жолымен осы Бағдарламаны іске асыру кезінде алынған нәтижелердің құпиялылығын сақтау туралы және қорғау құжатын алуға бағытталған шараларды қабылдау туралы мәселелерді реттеуді қамтамасыз етеді.

Осы Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру шеңберінде алынған нәтижелерді қорғау нысаны туралы шешім қабылданғанға дейін осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары құпиялылық туралы шарттар (келісімдер) жасасу арқылы көрсетілген нәтижелер туралы ақпаратты жарияламау жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Егер осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары патент алу рәсімін бастау туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде алынған және зияткерлік меншік объектісі болып табылатын жұмыстардың нәтижелеріне патент (патенттер) беруге өтінім (өтінімдер) мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасында немесе халықаралық шарттарында белгіленген тәртіпке сәйкес беріледі.

Осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде алынған нәтижелерге қорғау құжатын бірлесіп алу немесе осындай қатысушы немесе орындаушы осы Бағдарламаның басқа қатысушыларына немесе орындаушыларына көрсетілген нәтижелерді коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануға айрықша емес және өтеусіз лицензия берген жағдайда, осы Бағдарламаға қатысушылардың немесе орындаушылардың бірінің өз атынан және өз есебінен өтінім беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Көрсетілген нәтижелерді өзге мақсаттарда пайдалану туралы шешімді құқық иеленушілер өзара келісім бойынша қабылдайды.

Осы Бағдарламаға қатысушылардың және орындаушылардың әрқайсысы осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде қорғау құжаттарын пайдалану шарттарын бұзуға байланысты тиісті мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес оларға қойылатын кез келген

талаптар туралы осы Бағдарламаның басқа қатысушылары мен орындаушыларын хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары құқық иеленушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Бағдарламаның қатысушысына немесе орындаушысына тиесілі ғылыми-техникалық ақпаратты осы Бағдарламаның басқа қатысушыларына ( үшінші тұлғаларға) бермейді, сатпайды, қайта бермейді және өзгеше түрде бермейді.

Мұндай ақпаратты беру мүше мемлекеттердің заңнамасына, сондай-ақ олар қатысатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары өз мемлекеттерінің заңнамасына және өздері қатысатын халықаралық шарттарға сәйкес осы Бағдарламаның басқа қатысушылары мен орындаушыларына тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуын болғызбау және (немесе) жолын кесу жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

Осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары өзара келісім бойынша өз мемлекеттерінің аумағынан басқа мемлекеттердің аумағына осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде жасалған өнімді осы Бағдарламаның басқа қатысушысына немесе орындаушысына тиесілі зияткерлік меншік объектілерін және ғылыми-техникалық ақпаратты пайдалана отырып, өз мүше мемлекеттерінің заңнамасына және өздері қатысатын халықаралық шарттарға сәйкес өткізу тәртібін айқындайды.

Осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары шарттарды ( келісімшарттарды, келісімдерді, жұмыстарды орындауға арналған техникалық тапсырмаларды) орындау шеңберінде алынған ғылыми-техникалық ақпарат құпия ақпаратқа жататынын мойындайды.

Құпия ақпаратқа қатысты осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары мынадай қағидаттарды негізге алады:

осы Бағдарламаға қатысушылардың немесе орындаушылардың бірі құпия деп таныған ақпарат автоматты түрде осындай ақпарат деп осы Бағдарламаның басқа қатысушылары мен орындаушылары да таниды;

осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары құпия ақпаратты ол берілетін мақсаттарда ғана пайдалануға міндеттенеді;

құпия ақпарат осы Бағдарламаға қатысушылар мен орындаушыларға осындай ақпаратты беретін осы Бағдарламаға қатысушылар мен орындаушылар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі;

осы Бағдарламаға қатысушылардың және орындаушылардың әрқайсысы көрсетілген ақпаратты беретін және оның құқық иесі болып табылатын осы Бағдарламаның қатысушысы немесе орындаушысы осындай ақпаратты ашуға алдын ала жазбаша түрде өзінің келісімін беретін жағдайларды қоспағанда, құпия ақпаратты ашуды болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;

ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілер жасасатын шарттарды (келісімдерді, келісімшарттарды, жұмыстарды орындауға арналған техникалық тапсырмаларды) орындау шеңберінде осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушылары алған ақпарат осы Бағдарламаның қатысушылары мен орындаушыларының өзара келісімі бойынша құпия деп есептеледі.

### **Құрылатын материалдық және материалдық емес активтерге мүліктік құқықтарды қорғау мәселелері**

Осы Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде мынадай материалдық және материалдық емес активтерді қалыптастыру (құру) көзделеді:

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ақпараттық-іздігіру жүйелері базасында интеграцияланған ақпараттық-іздігіру жүйесі (мұрағаттық материалдар және ЖҚЗ стандартты өнімдері бойынша метадеректер банкімен);

ғарыш аппараттарын басқарудың және ЖҚЗ деректерін қабылдаудың ұлттық жерүсті кешендерінің өзара іс-қимылын және үйлестірілген пайдаланылуын қамтамасыз етудің аппараттық-бағдарламалық кешенінің тәжірибелік үлгісі;

Қазақстан Республикасы құратын орташа кеңістіктік рұқсаттағы ҒА орбиталық сегментінен және барлық мүше мемлекеттер бірлесіп құратын аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ҒА орбиталық сегментінен тұратын ЖҚЗ ҒА бірлескен орбиталық тобы;

интеграцияланған желіге біріктірілген ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ЖҚЗ деректерін қабылдаудың жаңғыртылған жерүсті құралдары.

Осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде мүше мемлекеттердің әрқайсысы интеграцияланған ақпараттық-іздігіру жүйесінің құрамында өзінің материалдық немесе материалдық емес активін, оның ішінде жерүсті қабылдау станциясын, мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ-ға біріктірілген, орташа және аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында ЖҚЗ ҒЖ, сондай-ақ құрылуы (жаңғыртылуы) осы Бағдарламада көзделген басқа да активтерді қаржыландырады және құрады (жаңғыртады)..

Бағдарламаға қатысушылардың құрылатын активтерді пайдалану шарттары мен тәртібі осы Бағдарлама шеңберінде әзірленген ұйымдастырушылық-өкімдік және нормативтік-техникалық құжаттармен реттелетін болады.

Осылайша, осы Бағдарлама шеңберінде құрылған материалдық және материалдық емес активтердің әрқайсысына мүліктік құқықтар осы объектіні құруды қаржыландыратын мемлекетке тиесілі болады. Осы Бағдарлама шеңберінде жалпы материалдық активтерді қалыптастыру көзделмейді.

### **IX. Бағдарламаны іске асырудың күтілетін нәтижелері**

Осы Бағдарламаны іске асырудың негізгі нәтижелері мүше мемлекеттердің мемлекеттік және коммерциялық тұтынушыларының ЖҚЗ жоғары технологиялық өнімдерінің және геоақпараттық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санына қанағаттану дәрежесін арттырудан, мүше мемлекеттердің үшінші елдерден ЖҚЗ деректерін жеткізуден барынша тәуелсіздігіне қол жеткізуден және мүше мемлекеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасаудан тұрады.

Мүше мемлекеттердің орбиталық және жерүсті инфрақұрылымы объектілерін интеграциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру, түсірілімді жоспарлаудың бірыңғай жүйесін енгізу және ұлттық ЖҚЗ ҒА-дан алынған ЖҚЗ деректерінің жалпы банкін пайдалану, сондай-ақ мүше мемлекеттердің перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру және пайдалану мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

мүше мемлекеттердің зымыран-ғарыштық өнеркәсібінің мемлекеттік және өндірістік құрылымдарындағы мемлекетаралық және салааралық байланыстарды нығайту;

ЖҚЗ ғарыштық құралдарын құру және пайдалану саласында мемлекетаралық (ведомствоаралық) ұйымдастырушылық-өкімдік, нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттарды әзірлеу;

ЖҚЗ ҒЖ бірлесіп құру және қолдану мақсаттары үшін мүше мемлекеттердің ғарыш салалары кәсіпорындарының өнеркәсіптік кооперациясын қалыптастыру;

қағидаттық жаңа техникалық сипаттамалары бар орташа және аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА құру;

мүше мемлекеттердің жұмыс істеп тұрған ҒА және осы Бағдарлама шеңберінде құрылған перспективалық ЖҚЗ ҒА базасында ЖҚЗ ИҒЖ құру;

осы Бағдарлама шеңберінде құрылған ЖҚЗ ИҒЖ пайдалана отырып, тұтынушыларға жеткізілетін ЖҚЗ деректерінің көлемі мен сапасын арттыру есебінен мемлекеттік билік органдары мен мүше мемлекеттер тұтынушыларының кең ауқымының ЖҚЗ деректерімен қамтамасыз етілу деңгейін арттыру;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ ақпаратын қабылдаудың, өңдеудің және таратудың аппараттық-бағдарламалық кешендерінің желісін жаңғырту;

мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ақпараттық-іздігіру жүйелері базасында мүше мемлекеттердің интеграцияланған ақпараттық-іздігіру жүйесін және мұрағаттық материалдардың метадеректер банкін және ЖҚЗ стандартты өнімдерін құру;

ЖҚЗ ҒА жерүсті басқару кешендерінің және мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ ақпаратын қабылдау, өңдеу және тарату кешендерінің өзара іс-қимылын және үйлестірілген пайдаланылуын қамтамасыз етудің аппараттық-бағдарламалық кешенін құру.

## **Х. Бағдарламаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және өзге де салдарларын бағалау**

Осы Бағдарламаның нәтижелерін пайдалану цифрлық экономиканы қалыптастыруға елеулі үлес қосады және мүше мемлекеттердің экономикалық өсуінің жоғары қарқынын қамтамасыз етеді. Осы Бағдарламаның нәтижелерін енгізу әлеуметтік мәні бар салалар мүддесі үшін ғарыштық және геоақпараттық технологиялардың тұтыну нарығын кеңейту, экологиялық мониторингті тиімді жүргізу және дүлей зілзалалар мен қоршаған ортаның қолайсыз факторларынан қорғауды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру үшін жағдай жасайды.

Мүше мемлекеттердің біріктірілген ақпараттық және техникалық ресурстарын ( жұмыс істеп тұрған ұлттық ЖҚЗ ҒЖ базасында) құру жөніндегі осы Бағдарлама шеңберінде интеграциялық процестерді іске асыру, перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру кезінде қаржылық, өндірістік және ұйымдастырушылық мүмкіндіктерді шоғырландыру осы Бағдарламаның қатысушылары болып табылатын мүше мемлекеттер мен ұйымдарға елеулі әлеуметтік-экономикалық әсер береді. Атап айтқанда, осы Бағдарламаның мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ ресурстарын әзірлеуге, өндіруге және бірлесіп пайдалануға байланысты іс-шаралары мүше мемлекеттердің ғарыш өнеркәсібі кәсіпорындарына Бағдарламаны қаржыландыру көлемінде 30 млрд. Ресей рубліне дейінгі сомаға қосымша тапсырыстар әкеледі. Тапсырыстардың бұл көлемі жаңа жұмыс орындарын құруға және мүше мемлекеттердің ғарыш салаларына жоғары білікті мамандарды тартуға мүмкіндік береді.

2030 жылға дейін осы Бағдарлама мүше мемлекеттердің бюджеттеріне ЖҚЗ деректерін жеткізуден тікелей кірістер және мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ деректерін пайдалана отырып жүргізілген ЖҚЗ өнімдерінде және геоақпараттық сервистерде қосымша құн есебінен жанама кірістер әкеледі.

Ғимараттар мен құрылысжайлардың жай-күйін, ресурс үнемдеу, қала құрылысы және жылжымайтын мүлікті есепке алу жүйесін объективті бағалау үшін қалалық мониторинг және қалалық инфрақұрылымның дамуын бақылау нарығында орман ресурстары мен жер алқаптарының жай-күйін мониторингтеу үшін оны қолдану мүмкіндігі мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ көмегімен алынатын ақпараттың сапасына байланысты. Қалалық және өнеркәсіптік мониторинг нәтижелері перспективада " ақылды қалалар" қала құрылысы тұжырымдамасында сұранысқа ие болады деп күтіліп отыр.

Осы Бағдарламаның жиынтық экономикалық әсерінің қалған үлесі мұнай-газ саласында, сондай-ақ мүше мемлекеттердің энергетикалық салаларында - бөлінген инфрақұрылымды құру және пайдалану кезінде жанама әсерлерге келетін болады.

Одақтың перспективалы ҒА-дан алынатын ЖҚЗ жоғары дәлдікті деректері мүше мемлекеттердің көлік, мұнай-газ және энергетика салаларындағы көптеген міндеттерді шешу үшін пайдаланылатын болады, оның ішінде:

геологиялық-барлау және жобалау-іздігіру жұмыстарының барлық кезеңдерінде көп мақсатты міндеттерді орындау үшін ұңғымалар мен кәсіпшілік инфрақұрылымын, сондай-ақ энергетикалық инфрақұрылымды байланыстыру үшін жоғары дәлдіктегі топографиялық негіз құру;

жоғары вольтты беріліс желілерінің тіректерін орналастырудың инженерлік-геологиялық жағдайларын егжей-тегжейлі бағалау, дүлей зілзалалар (су тасқыны, жер сілкінісі және т. б.) туралы ескерту;

Шығыс Сібір мен Қиыр Шығыстың нашар зерттелген аумақтары үшін өңірлік құрылым мен мұнай-газ жинау аймақтарын зерттеу;

құбырлардың және энергетикалық инфрақұрылым элементтерінің техникалық жай-күйінің мониторингі және көмірсутектер кен орындары аумақтарының экологиялық жағдайын бағалау.

Орташа рұқсаттағы ғарыш аппараттарының көмегімен алынған ЖҚЗ деректері мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

ірі ауқымды топографиялық және тақырыптық картографиялау;

табиғи және антропогендік объектілерді сыныптау және мониторинг (анықтау, тану және саралау).

Мүше мемлекеттердің геосаяси жағдайының ерекшеліктері (кеңістіктік ауқым, теңіз, құрлық және әуе шекараларының өте ұзын болуы, алуан түрлі ландшафт, бай табиғи ресурстар және басқа да факторлар) олардың бірлескен ғарыштық әлеуетін дамыту және тиімді пайдалану қажеттілігін негіздейді.

Осы Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде жоғары технологиялық ғарыштық және геоақпараттық өнімдер мен ЖҚЗ көрсетілетін қызметтері нарығында ұзақ мерзімді ынтымақтастық үшін жағдайлар жасалатын болады.

Сараптамалық бағалау бойынша ЖҚЗ деректерін сатудан түскен тікелей кірістерді және ЖҚЗ түпкілікті өнімдері мен геоақпараттық қосымшаларда қосылған құн есебінен қалыптастырылатын жанама әсерлерді ескере отырып, осы Бағдарлама шеңберінде құрылған ғарыштық жерүсті және орбиталық құралдарды қолдану 10 жылдық перспективада шамамен 38 млрд. Ресей рублі сомасында жиынтық экономикалық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, осы Бағдарламаны іске асыру мүше мемлекеттердің үшінші елдерден ЖҚЗ деректерін жеткізуден барынша тәуелсіздігіне қол жеткізуге, сондай-ақ мүше мемлекеттердің әлемдік ғарыш нарығында жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

## **XI. Бағдарламаны іске асыру тиімділігін бағалау әдістемесі**

Осы Бағдарламаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін анықтау үшін жауапты орындаушы оның тиімділігін жыл сайын мынадай өлшемшарттар бойынша бағалауды жүзеге асырады.

Осы Бағдарламаның іс-шараларында жобаларды іске асыру дәрежесі есепті жылы іске асыруға жоспарланған жобалар санынан іс-шараларда орындалған жобалардың үлесі ретінде мынадай формула бойынша бағаланады:

$$ID_{біш} = \frac{Ж_о}{Ж_{жс}},$$

мұндағы:

$ID_{біш}$  – осы Бағдарламаның іс-шараларында жобаларды іске асыру дәрежесі;

$П_о$  – есепті жылы іске асыруға жоспарланған іс-шараларда орындалған жобалардың саны;

$П_{жс}$  – есепті жылы іске асыруға жоспарланған іс-шаралардағы жобалардың жалпы саны.

Осы Бағдарламаның іс-шараларында жобаларды іске асыру дәрежесін бағалау мүше мемлекеттердің бюджет қаражаты есебінен толық немесе ішінара қаржыландырылатын жобалар үшін ғана есептеледі.

Жоба мынадай шарттар орындалған кезде толық көлемде іске асырылды деп саналады:

осы Бағдарламаны іске асырудың жоспар-кестесінде есепті жылға жоспарланған барлық бақылау оқиғалары болды;

көрсеткіштің (индикатордың) нақты қол жеткізілген мәні жоспарланған мәннің кемінде 95 пайызын құрайды.

Шығыстардың жоспарланған деңгейіне сәйкестік дәрежесі Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының осы Бағдарламасын іске асыруға арналған жоспарлы және нақты шығыстарын мынадай формулалар бойынша салыстыру жолымен есептеледі:

$$ҚРСД_{шд} = \frac{ҚРЗ_{нш}}{ҚРЗ_{жш}};$$

$$БРСД_{шд} = \frac{БРЗ_{нш}}{БРЗ_{жш}};$$

$$РФСД_{шд} = \frac{РФЗ_{нш}}{РФЗ_{жш}};$$

мұндағы:

$СД_{шд}$  – шығыстардың жоспарланған деңгейіне сәйкестік дәрежесі;

$З_{нш}$  – есепті жылы осы Бағдарламаны іске асыруға арналған нақты шығыстар;

$З_{жш}$  – есепті жылы осы Бағдарламаны іске асыруға арналған жоспарлы шығыстар.

Қаржыландырудың барлық көздерінен осы Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың жоспарланған деңгейіне сәйкестіктің жалпы дәрежесі мынадай формула бойынша есептеледі:



$$СД_{\text{жлп шд}} = З_{\text{жлп нш}} / З_{\text{жлп жш}}$$

мұндағы:

$СД_{\text{жлп шд}}$  – қаржыландырудың барлық көздерінен осы Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың жоспарланған деңгейіне сәйкестіктің жалпы дәрежесі;

$З_{\text{жлп нш}}$  – қаржыландырудың барлық көздерінен осы Бағдарламаны іске асыруға арналған нақты шығыстардың жалпы сомасы;

$З_{\text{жлп жш}}$  – барлық қаржыландыру көздерінен осы Бағдарламаны іске асыруға арналған жоспарлы шығыстардың жалпы сомасы.

Әрбір іс-шара үшін мүше мемлекеттердің бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі іс-шараларда жобаларды іске асыру дәрежесіне және қаржыландырудың барлық көздерінен осы Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың жоспарланған деңгейіне сәйкестіктің жалпы дәрежесіне байланысты болады және мынадай формула бойынша есептеледі::

$$T_{\text{пай}} = ID_{\text{біш}} / СД_{\text{жлп шд}}$$

мұндағы:

$T_{\text{пай}}$  – бюджет қаражатын пайдалану тиімділігі;

$ID_{\text{біш}}$  – осы Бағдарламаның іс-шараларында жобаларды іске асыру дәрежесі;

$СД_{\text{жлп шд}}$  – қаржыландырудың барлық көздерінен осы Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың жоспарланған деңгейіне сәйкестіктің жалпы дәрежесі.

Осы Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу дәрежесі іс-шараның мақсаттарын сипаттайтын әрбір көрсеткіштің (индикатордың) жоспарлы мәндеріне қол жеткізу дәрежесіне байланысты болады.

Қажетті өзгеру үрдісі оның мәнінің ұлғаюы болып табылатын көрсеткіштің (индикатордың) жоспарлы мәніне қол жеткізу дәрежесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ЖД_{\text{к}} = КМ_{\text{іж}} / КМ_{\text{к}}$$

Қажетті өзгеру үрдісі оның мәнінің төмендеуі болып табылатын көрсеткіштің (индикатордың) жоспарлы мәніне қол жеткізу дәрежесі мынадай формула бойынша есептеледі::

$$ЖД_{\text{к}} = КМ_{\text{к}} / КМ_{\text{іж}}$$

мұндағы:

$ЖД_{\text{к}}$  – іс-шараның мақсатын сипаттайтын көрсеткіштің жоспарлы мәніне қол жеткізу дәрежесі;

$КМ_{\text{іж}}$  – іс-шараның мақсатын сипаттайтын, есепті кезеңнің соңында нақты қол жеткізілген көрсеткіштің (индикатордың) мәні;

$KM_k$  – іс-шараның мақсатын сипаттайтын көрсеткіштің (индикатордың) жоспарлы мәні.

Іс-шарада жобаларды іске асыру дәрежесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ID_{ij} = S ЖД_k / N,$$

мұндағы:

$ID_{ij}$  – j-ші іс-шарадағы жобаларды іске асыру дәрежесі;

$ЖД_k$  – іс-шараның мақсатын сипаттайтын көрсеткіштің (индикатордың) жоспарлы мәніне қол жеткізу дәрежесі;

$N$  – іс-шараның мақсаттарын сипаттайтын көрсеткіштердің (индикаторлардың) саны.

Іс-шараны іске асырудың тиімділігі іс-шарадағы жобаларды іске асыру дәрежесіне және бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін бағалауға байланысты және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$IT_{mj} = ID_{mj} \times T_{op},$$

мұндағы:

$IT_{ij}$  – j-ші іс-шараны іске асырудың тиімділігі;

$ID_{ij}$  – j-ші іс-шарадағы жобаларды іске асыру дәрежесі;

$T_{opn}$  – бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі.

Осы Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі оған кіретін іс-шараларды іске асырудың тиімділігіне байланысты және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$IT_{\sigma} = S IT_{ij},$$

мұндағы:

$IT_{\sigma}$  – осы Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі;

$IT_j$  – j-ші іс-шараны іске асырудың тиімділігі.

Осы Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі:

егер  $IT_{\sigma}$  мәні кемінде 0,90 болған жағдайда - жоғары;

егер  $IT_{\sigma}$  мәні кемінде 0,75-тен болған жағдайда - орташа;

егер  $IT_{\sigma}$  мәні кемінде 0,60-тан болған жағдайда - қанағаттанарлық;

егер  $IT_{\sigma}$  мәні кемінде 0,60-тан болған жағдайда қанағаттанарлықсыз деп танылады.

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жерді қашықтықтан зондтау деректерінің ұлттық көздері негізінде ғарыштық және геоақпараттық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді өндіру және беру жөніндегі

интеграцияланған жүйесі"  
 мемлекетаралық бағдарламасына  
 ҚОСЫМША

**"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жерді қашықтықтан зондтау деректерінің ұлттық көздері негізінде ғарыштық және геоақпараттық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді өндіру және беру жөніндегі интеграцияланған жүйесі" мемлекетаралық бағдарламасының іс-шаралар ЖОСПАРЫ**

Жұмыстың құрамы мен мазмұны	Орындаушылар	Орындау мерзімі	Күтілетін нәтиже	Қаржыландыру көзі	Қаржыландыру көлемі, млн Ресей рублі
1	2	3	4	5	6
"Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құру мен дамытуды ұйымдастырушылық, нормативтік-техникалық және әдістемелік қамтамасыз ету" іс-шарасы					
1. Ұлттық ғарыштық бағдарламалар шеңберінде құрылған және құрылатын, жұмыс істеп тұрған және перспективалық ҒА базасында мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ қалыптастыру және дамыту бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды әзірлеу	Беларусь Республикасын ың, Қазақстан Республикасын ың және Ресей Федерациясын ың ұйымдары	2021 2022 жылдар	ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар	қаржыландыру талап етілмейді	0,0
2. ЖҚЗ ҒА ұлттық орбиталық топтарының ақпараттық ресурстарын бірлесіп пайдалануды қамтамасыз ету бойынша нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу	Беларусь Республикасын ың, Қазақстан Республикасын ың және Ресей Федерациясын ың ұйымдары	2022 2023 жылдар	нормативтік-техникалық құжаттар	қаржыландыру талап етілмейді	0,0

3. ЖҚЗ деректерін Одақтың ішкі нарығында және әлемдік нарықта тарату кезінде ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының өзара іс-қимылын көздейтін ұйымдастырушылық-әдістемелік құжаттарды әзірлеу	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2024 2025 жылдар	ұйымдастырушылық-әдістемелік құжаттар	қаржыландыру талап етілмейді	0,0
"Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ қалыптастыру мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін аппараттық-бағдарламалық кешендер құру" іс-шарасы					
4. "Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ жобалық бейнесін негіздеу" ғылыми-зерттеу жұмысын орындау	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2021 жыл	ғылыми-техникалық есеп	бюджет	Беларусь Республикасы 6,40* Қазақстан Республикасы 19,20** Ресей Федерациясы 19,20***
5. Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ-дан алынатын ЖҚЗ деректерін қабылдау және өңдеу бойынша олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының ЖҚЗ деректерін қабылдаудың аппараттық-бағдарламалық кешендерін жаңғыртуды жүзеге асыру	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2022 2024 жылдар	мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ғарыштық апаратын қабылдаудың жаңғыртылған жерүсті құралдары	бюджет	Беларусь Республикасы 9,60* Қазақстан Республикасы 108,80** Ресей Федерациясы 40,00***
6. ЖҚЗ ҒЖ ұлттық операторларының					

ақпараттық-ізде стіру жүйелері базасында мүше мемлекеттердің интеграцияланған ақпараттық-ізде стіру жүйесін және мұрағаттық материалдар мен ЖҚЗ стандартты өнімдері бойынша метадеректер банкін құру	Беларусь Республикасын ың, Қазақстан Республикасын ың және Ресей Федерациясыны ң ұйымдары	2021 2023 жылдар	Одақтың интеграцияланған ақпараттық-ізде стіру жүйесі	бюджет	Беларусь Республикасы 12,10* Қазақстан Республикасы 12,10** Ресей Федерациясы 88,00***
7. ЖҚЗ ҒА ұлттық жерүсті басқару кешендерінің және мүше мемлекеттердің ЖҚЗ деректерін қабылдау кешендерінің өзара іс-қимылын және үйлестірілген пайдаланылуын қамтамасыз етудің аппараттық-бағд арламалық кешенін құру	Беларусь Республикасын ың, Қазақстан Республикасын ың және Ресей Федерациясыны ң ұйымдары	2022 2024 жылдар	аппараттық-бағд арламалық кешен	бюджет	Беларусь Республикасы 108,50* Қазақстан Республикасы 12,80** Ресей Федерациясы 65,00***
"Мүше мемлекеттердің ЖҚЗ ИҒЖ құрамында орташа және аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру" іс-шарасы					
8. Орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру:	Беларусь Республикасын ың, Қазақстан Республикасын ың және Ресей Федерациясыны ң ұйымдары	2021 2025 жылдар	Орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында ЖҚЗ ҒЖ	бюджет	Беларусь Республикасы 0,00 Қазақстан Республикасы 6232,10 ** Ресей Федерациясы 0,00
орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА, ҒА жерүсті басқару инфрақұрылым ын құру, ЖҚЗ	Беларусь Республикасын ың, Қазақстан Республикасын ың және Ресей	2021 – 2023 жылдар	жерүсті басқару кешені, ЖҚЗ деректерін қабылдаудың, өңдеудің және	бюджет	Беларусь Республикасы 0,00 Қазақстан Республикасы * * Ресей

деректерін қабылдау және өңдеу	Федерациясының ұйымдары		таратудың жерүсті кешені		Федерациясы 0,00
орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА тобын құру	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2022 – 2025 жылдар	орташа кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА тобы	бюджет	Беларусь Республикасы 0,00 Қазақстан Республикасы * Ресей Федерациясы 0,00
9. Аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында перспективалық ЖҚЗ ҒЖ құру:	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2021 – 2025 жылдар	Аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА базасында ЖҚЗ ҒЖ	бюджет	Беларусь Республикасы 5264,90* Қазақстан Республикасы 0,00 Ресей Федерациясы 16986,4***
аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА, ҒА жерүсті басқару инфрақұрылымын құру, ЖҚЗ деректерін қабылдау және өңдеу	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2021 – 2023 жылдар	жерүсті басқару кешені, ЖҚЗ деректерін қабылдаудың, өңдеудің және таратудың жерүсті кешені	бюджет	Беларусь Республикасы 660,00 Қазақстан Республикасы 0,00 Ресей Федерациясы 891,79***
аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА тобын құру	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2022 – 2025 жылдар	аса биік кеңістіктік рұқсаттағы ЖҚЗ ҒА тобы	бюджет	Беларусь Республикасы 4604,90 Қазақстан Республикасы 0,00 Ресей Федерациясы 16094,61***

\* Қаржыландыру Беларусь Республикасы Президентінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

\*\* Қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес нақтыланатын болады.

\*\*\* 2021 – 2025 жылдарға арналған бюджеттік қаражат федералдық бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінген жағдайда көрсетілген. Қосымша бюджет қаражаты бөлінбеген жағдайда, іс-шараларды қаржыландыру Ресей Федерациясының " Ресейдің ғарыш қызметі" мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға көзделген бюджет қаражаты есебінен және шегінде тиісті кезеңдерге арналған федералдық бюджет шығыстарының бөлігі ретінде қамтамасыз етілуі тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК